

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 2005 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 16 наурыз N 409. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 маусымдағы № 353 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.06.2017 № 353 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шетелдік ұйымдардың алдындағы берешектердің проблемасын шешу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 2005 P992005_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 58, 572-күжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы "1. Шетелдік ұйымдардың" деген сөздерден кейін ", оның ішінде халықаралық ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

Шетелдік ұйымдардың алдындағы берешек мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі Қаппаров Нұрлан Жамбылұлы енгізілсін;

көрсетілген құрамнан Досаев Ерболат Асқарбекұлы шығарылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Шетелдік ұйымдардың алдындағы берешек

мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережедегі:

"Жалпы ережелер" деген 1-бөлімдегі "Шетелдік ұйымдардың" деген сөздерден кейін ", оның ішінде халықаралық ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

4-бөлім мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Ведомствоаралық комиссияның кезекті мәжілісін дайындау үшін Жұмысшы органы сұратқан материалдарды оған министрліктер мен ведомстволар үш

күн

мерзімде ұсынады".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК